

# КЫРГЫЗ ТИЛИ ЖАНА АДАБИЯТЫ:

ОКУТУУНУН ИННОВАЦИЯЛЫК  
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ИЛИМИЙ - МЕТОДИКАЛЫК ЖУРНАЛ





Алматы Менеджмент университеті  
қазақ тілі пәнінің аға оқытушысы  
Турарова Кадиша Касымовна

## ТІЛДІ МЕНГЕРТУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Мемлекеттік тілді меңгеруде жеке тұлғаның сапалық көрсеткіштерінің бірі – жаңа технологияны меңгерген білімді де білікті кәсіби мамандарды дайындау бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Білім беру жүйесінде маманды жан-жақты дайындау, кәсіби шеберлігін қалыптастыруда оқытудың *сапалы білім беру мақсатында білім жүйесіндегі жаңа технологияларды, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізе отырып*, жаңаша ұйымдастыру уақыт талабына, сұранысы байланысты. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алғанынан бері Қазақстанның барлық азаматы тілді еркін меңгеруге мүмкіндік жасалып, жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жүзеге асуда. Елбасы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Ғылыми қамтымды экономика құру – ең алдымен Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру. Бұл бағыт бойынша венчурлік қаржыландыру, зияткерлік меншікті қорғау, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жөніндегі заңнаманы жетілдірген жөн. Үкіметке биылғы жылдың 1 қыркүйегіне дейін тиісті заң жобалары топтамасын әзірлеп, Парламенттің қарауына енгізуді тапсырамын. Ғылымды қаржыландыру көлемін біртіндеп арттырып, оны дамыған елдердің көрсеткіштеріне жеткізу жөнінде нақты жоспар қажет», – екенін айтты.

Елбасы «Қазақстанның болашағы – қазақ тілі» (Тұжырымдама) деген сөзі ана тілі мәртебесінің биіктеуіне, өркендеуіне, дамуына қолдау көрсетіп, ерекше атап көрсеткендігін анықтайды. Бұл – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, дамуына, қолданысына мүмкіндік жасау деген сөз. Тіл мәселесі өте нәзік, оны шынайы ынталылықпен, ұқыптылықпен үйлестіре отырып игеру қажет. Тіл – ұлттың жаны. Алаштың азаматы Ж.Аймауытов: «Ана тілі - халық болып жасалғаннан бері жандүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі» деген. Ұлттық дүниетанымды, тарихты, мәдениетті белгілейтін тіл. Білім беру стратегиясының берік негізді болуы үшін жеке тұлға өз бойына халқының тарихи өмірі мен терең тамырын, рухани және адамгершілік қағидаларын, азаматтық, ізгілік және отансүйгіштік қырларын сіңіру қажет. Демек, ізгілікті, адамгершілігі мол саналы азаматты тәрбиелеу – бүгінгі күн талабы. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қастерлеп үйрену – елдің барша азаматтарының парызы. Оны еліміздің бүкіл жұртшылығы түсінді де және оны үйренуге құлшыныс та бар.

Ендігі мәселе: нені үйретеміз, калай үйретеміз? Қандай тиімді әдістемені қолданамыз? Бәсекеге қабілетті, ұлтаралық қарым-қатынаста өз ойын еркін жеткізетін кәсіби білікті мамандарды дайындау – бүгінгі таңда Республикамыздың Білім жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Тіл - рухани қазына. Туған тілімізді дамыту, өркендету, қолдану аясын кеңейту әркімнің өз қолында. Тіл мәселесін әр ұжым, әр мекеме, әр ұйым қала берді әр адам өзінің төл ісіне айналдырып, қолдау көрсетсе, алған мақсат міндеттер алға басады.

Мемлекеттік тілге қатысты өзекті ғылыми-әдістемелік семинар-кеңестің, тіл тақырыптарына бас қосулардың маңызы зор. Еліміздің оқу-білім жүйесі жаңа технология, инновациялық жаңа бағытта жұмыс жасап жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін мынадай айқын мақсаттарға қол жеткізу керек:

- заман ағымына, қоғамдағы Білім жүйесіндегі үлкен серпілістерге сай оқытудың әдістемесіне айырықша көңіл бөлу;
- жаңа оқулық, оқу-әдістемелік кешенді құралдарды ұсыну, электронды оқулықтар, жаңа кешенді бағдарламалар жасау;
- қазақ тілінде сауатты сөйлеу, сауатты жазу және сауатты оқу дағдыларын қалыптастыру, сала бойынша терминдік сөздіктер, тілашарлар жасау;
- басқа ұлт балаларының мемлекеттік тілді қарым-қатынастық сипатта меңгеру деңгейін, яғни білім деңгейін бағалау арқылы анықтау;
- тіл туралы заңды орындаудың нақты тетіктерінің бірі – мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамалық негіздерін жетілдіріп, бүгінгі заман талабына, білім жүйесіндегі жаңа реформаға сай жаңаша технологияларды енгізу.
- Кредитті технологиялық талаптарға сәйкес әдістеме саласында қазіргі заманғы озық әдістерді, өзгерістер инновациялық технологияларды енгізуді және үздік әдістемелік құралдарды, компьютерлік бағдарламаларды қолдану.

Қазақстан мемлекетінің Атазаңында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі» деп көрсетілген. Бүгінгі таңдағы басты мақсат пен мүдде де мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, оның қолдану аясының кеңеюіне бағышталған. Қазақ тілі мемлекет өміріне, қоғамға толыққанды қызмет жасауы тиіс. Ол үшін осы республикадағы әрбір балабақшадан бастап, әрбір мекемедегі іс-шара мемлекеттік тілде өтіп, ресми ісқағаздары заңды түрде мемлекеттік тілде жүргізілуі керек. Әрине, бұл бір күннің науқаншылығымен өтетін шара емес. Оған үлкен мақсат-міндеттермен келуге тиіс. ҚР-ның Тіл туралы Заңының 4-бабында қазақ тілінің негізгі қызметін атап көрсетті: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданатын мемлекет басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу, және іс қағаздарын жүргізу тіл. Мемлекеттік тілді меңгеру - ҚР-ның әрбір азаматының парызы. ҚР-да мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға жағдайлар жасау» керектігін көрсетті. Солардың ішінде өзекті мәселелердің бірі болып



саналатын казак тілінің қоғам өміріндегі белсенділігін арттыру, басқа ұлт өкілдерінің қарым-қатынас құралы қызметінің маңызын көтеру, өркениетті елдермен байланыс жасаудағы маңызды іс-шаралар мен құжаттардың тілі ретінде мәртебесін биіктету бүгінгі таңда негізгі шарттар болып табылады.

Әлемдік білім кеңістігіне енудің негізгі жолдары Білім жүйесінің Тұжырымдамасында көрсетілген. Соның бір саласы – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік Заң, Бағдарламалардың негіздерін ескере отырып, мына салаларға көңіл аудару қажет:

- мемлекеттік тіл – білім жүйесіне, ғылымның барлық саласына, саяси қарым-қатынас тілі ретінде сол қоғамға, мемлекетке қызмет жасауы керек;

- қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде қоғамның, өзге ұлт өкілдерінің қажеттілігін, сұранысын өтейтін тіл дәрежесіне жету;

Қазақстанда қазақ тілін білу деңгейін анықтайтын жүйені қалыптастыру қолға алынды. ҚР Білім және ғылым министрлігі мен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2006 жылғы 13 шілдедегі (Білім және ғылым министрлігі тарапынан шығарылған № 392 бұйрық, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан шығарылған № 161-1 бұйрық) бірлескен бұйрықтарымен қазақ тілін білу деңгейін бағалау жүйесін әзірлеу жөніндегі жұмыс құрамының тобы құрылды. ҚАЗТЕСТ тестілеу жүйесі Қазақстандағы азаматтардың ұлтына, қызметіне қарамай қазақ тілін білуін халықаралық стандартты тестілер негізінде бағалауға арналып құрылған.

Дәстүрлі тестілеу әдістері - тілдің құрылымдық грамматикасын білуі деңгейін анықтауға негізделген тестілер болып келді. Дәстүрлі тестілер тіл білуін бағалау мақсаттарын қанағаттандырмай келді, себебі бұл тестілер тілді коммуникативті мақсаттарда пайдалана алу деңгейін анықтай алмайды.

Халықаралық деңгейде ағылшын тілін білу деңгейін тестілейтін жүйелер – TOEFL, IELTS. Бұл тестілер жүйелері тілді әр түрлі деңгейде меңгеруін анықтай алады. Тіл үйренушінің тілді меңгеру дәрежесін тыңдап түсіну, оқып түсіну, жазу, өз бетінше қолдану деңгейін нақты анықтауға мүмкіндік береді және шынайы бағалай алады.

Әлемдік тестілеу стандарттарын негізге ала отырып, қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін сақтай отырып, коммуникативті, танымдық, объективті тестілерді жасау қолға алынып жатыр.

Тестілеу – тілді меңгеру дәрежесін анықтайтын, бағалайтын құрал ғана емес. Тіл үйренуде де тестілеуді кеңінен қолдануға болады. Оқыту үдерісінің оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым әрекеттерінде пайдалануға болады. Тестілеу - тіл үйренушінің білімін тексерудің бірден-бір ыңғайлы, тез тәсілі.

Білім беру үдерісін табиғилыққа неғұрлым жақындатып, бейімдеу туралы ең алғаш Я.А.Коменскийдің еңбектерінен көруге болады[2]. Оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдерін анықтай келе, Ян Амос Коменский оқу тапсырмаларының баланың табиғи мүмкіндіктеріне неғұрлым жақын жасалынған тапсырмалардың тиімділікпен орындалатынына баса назар

аударған. Кейін Ян Амос Коменскийдің бұл идеясы көптеген педагогтардын ұтымды әдісіне айналған.

Қазақтың тұңғыш педагогы Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы», «Руководство к обучению киргизов русскому языку»[3] деген еңбектерін талдау барысында ағартушының оқушыларға табиғи бейімділіктеріне байланысты білім беруді ұстанғанын көру қиын емес. Әр оқушының өзінің табиғи ерекшеліктерінен туындайтын мүмкіншіліктерін білім беру барысында назарда ұстау арқылы ғана оқу үдерісін танымды, қызғылықты етіп ұйымдастыруға болатыны осылай анықталған.

Шығармашылыққа тәрбиелеу үшін «Сергіту сәттерін» тиімді пайдалануға болады. Мысалы: С. Иманасовтың бір өлең шумағының әр жолының соңғы сөздері беріледі. Тапсырма анық түсіндірілуі керек. 7 минут ішінде берілген сөздердің мағынасына қарай ұйқасын тауып өлең жазу керек. Берілген сөздерді оқып шығып бұл өлең не жайында болуы мүмкін екенін анықтау қажет. Әртүрлі болжам айтылады. Махаббат, соғыс, тіл т. б. Талап нақты қойылса, жұмыс дұрыс орындалады. 4 адамнан топтар құрылады. Әр топ жазғандарын өз топтарында оқып, ең жақсы жазылған өлең шумағын таңдайды. Ең жақсы жазылған өлең шумақтары аудиторияға оқылады.

Бұл жұмыс түрі студенттерге ұнайды және тағы қайталауды сұрайды. Соңғы сөздері ғана берілген өлең шумағын ұсынылады.

.....кім біледі,  
 .....тілгіледі.  
 ..... кеттік пе деп,  
 .....сұмдық еді.

Белгіленген уақыттан кейін студенттер өз топтарында жазған өлеңдерін оқиды.

Мына жалған дүниені кім біледі,  
 Жүрегімді ұйқы бермей тілгіледі.  
 Жалған арман қуалап кеттік пе деп,  
 Ойлағанның өзі де сұмдық еді.

курсант Омаров Е. 225-топ

Махаббаттың сырларын кім біледі,  
 Асыл сезім жүрегімді тілгіледі.  
 Ойлаймын айырылысып кеттік пе деп,  
 Сенсіз өткен әр күнім сұмдық еді.

курсант Дүйсенов Д.225-топ

Мен сені сүйгенімді кім біледі,  
 Бұл махаббат жүрегімді тілгіледі.  
 Екеуміз екі жаққа кеттік пе деп,  
 Жүрегімнің қорыққаны сұмдық еді.

курсант Еркебаев О. 225-топ





Бейнероликті тыңдау барысында тапсырма алдын-ала беріледі. Қажетті ақпаратты студенттер дәптерлеріне жазып отырады. Тыңдау барысындағы студенттердің психологиялық көңіл күйіне назар аударған жөн. Бейнероликті тыңдап болған соң сұрақтар қойылады, немесе тест түрінде тапсырма беріледі. Жолдаудағы Ұлттық Қордан бөлінген қаражат мөлшерін тіл дамыту мақсатында пайдаланған өте дұрыс. Бұл таблица сан есімдер мен математикалық терминдерді пайдалана отырып тілді дамытуға өте тиімді. Сабақ соңында рөлдік ойын ойналады. Таблица бойынша қаржы министрі мен тілші арасындағы сұхбат құрастыру беріледі. Тапсырманы студенттер қалауы бойынша өзгертуге де болады. Жағдаятты болашақ мамандардың өздері таңдағаны абзал.

Елбасы биылғы Жолдауында «Бүгінде біз қазақстандықтардың өскелең ұрпағының бойында мемлекеттік тілді білуге деген қандай қызығушылықтың оянып жатқанын көріп жүрміз. Мұны барынша ынталандыру қажет», – деді. Мемлекеттік тілді жетілдіру, отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында қазақ тілі және орыс тілдері кафедрасында «Ұлағат» клубы ұйымдастырылды. Клубтың мақсаты: Тілімізге деген сүйіспеншілігін арттыру және ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді дәріптеу, отансүйгіштікке тәрбиелеу. «Парасат» орденінің иегері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты, Еліміздің сүйікті ақын-драматургы Исраил Сапарбаймен «Кездесейік бетпе-бет» атты кездесу кеші өтті. Кездесуден кейін студенттердің ақынның өлеңдеріне, әндеріне деген қызығушылығы артты. Ақынның кітаптарын іздеп оқи бастады. «Егіз лебіз» әні студенттердің сүйікті әндеріне айналды. «Серпер» сыйлығының лауреаты, Бауыржан Момышұлы атындағы «Намыс» медалінің иегері Еркебұлан Дайыров және *Халықаралық «Бозторғай» фестивалінің жүлдегері*, «Қазақ Аруы-2011» байқауының жеңімпазы **Қалдыбекова Ләззатпен** «Театр – өмір айнасы» атты кездесу кеші өтті. Жас таланттар студенттер көзқарастарына жағымды әсер қалдырды. Студенттер қыздар Ләззат апаларындай «Қазақстан Аруы» болғылары келетінін айтса, ер балалар Бауыржан Момышұлы рөлін сәтті сомдаған ағалары Еркебұлан сияқты талантты да, жігерлі азамат болғылары келетінін айтып жүр. Кештің

жастар тәрбиесіне қосқан үлесі өте көп. Кештен кейін театрға бару туралы ұсыныстар айтылды.

Жас ұрпақтың бойында құзыреттілікті қалыптастыру және оларды шығармашылыққа баулу мәселелері өз кезегінде сапалы білім мен іскерлікті талап ететіні сөзсіз. Жеке тұлғаға жүйелі, сапалы білім беру, ынта-ықыласын арттыру, құзыреттілігін қалыптастыру – оқытушы қауымының басты міндеті. Осы мақсатта қажырлы жұмысты шығармашылықпен атқара берейік.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Елбасы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жыл 14 қараша
2. Коменский Я.А. Великая дидактика // Избр.пед.соч.:В 2 т. – М., –1982. Т. 1. – С. 384).
3. Ыбырай Алтынсарин. «Қазақ хрестоматиясы», «Руководство к обучению киргизов русскому языку» / Кітапта: «Таза бұлақ». – Алматы, 1994.